

Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 96 "2022 - 2024 жылдарға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2022 жылғы 14 қарашадағы № 177 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ырғыз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 96 "2022 - 2024 жылдарға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Құмтоғай ауылдық округінің 2022 - 2024 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға арналған мынадай көлемдерде бекітілсін.

1) кірістер – 37 217,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 4 041 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 20 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімдері – 33 156,2 мың теңге;

2) шығындар – 37 530,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде;

қаржылық активтерді сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) -- 313,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 313,3 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылған қалдықтары – 313,3 мың теңге."

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Құмтоғай ауылдық округінің 2022 жылға арналған бюджетінде аудандық бюджет арқылы республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін:

мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысын арттыруға – 1 407,2 мың теңге.

Аталған трансферттер сомаларын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

4-1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. 2022 жылға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

елді мекендерді абаттандыруға – 2 500 мың теңге;

сметалық есептер әзірлеуге – 1 250 мың теңге.

Аталған трансферттер сомаларын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1- қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ырғыз аудандық
мәслихатының хатшысы

М. Тұрымов

Аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 14
қарашадағы № 177 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 31
желтоқсандағы № 96 шешіміне 1-
қосымша

2022 жылға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	37 217,2
1			Салықтық түсімдер	4 041
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 921
		1	Мүлікке салынатын салықтар	61
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 860
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 120

		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін	2 120
2			Салықтық емес түсімдер	20
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	20
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	20
4			Трансферттердің түсімдері	33 156,2
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	33 156,2
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	33 156,2

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
				II Шығындар	37 530,5
01				Ж а л п ы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	30 969,5
	1			Мемлекеттік басқарудың ж а л п ы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	30 969,5
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	30 969,5

			001	Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	30 969,5
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 561
	3			Елді мекендерді көркейту	6 561
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	989
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	440
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	5 132
				III. Таза бюджеттік кредитеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қ а р ж ы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет тапшылығы (- 313,3 профициті)	
				VI. Бюджет тапшылығын	

				қаржыландыру (профицитін пайдалану)	313,3
--	--	--	--	-------------------------------------	-------

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
8			Б ю д ж е т қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	313,3
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	313,3
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	313,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК